

- ❑ Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси дамуы**
- ❑ Қазақстан Республикасында көппартиялық жүйе**
- ❑ Қазақстандағы ұлт-аралық қарым-қатынас**
- ❑ Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы**
- ❑ Қазақстанның 2030 стратегиясы**
- ❑ Қазақстандағы қазіргі замандағы экологиялық хал-ахуал**

Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси дамуы

- Қазақстан Республикасының егемендігінің жариялануы және мемлекеттік тәуелсіздік алуы, бірпартиялық өктемдіктің және социалистік саяси жүйенің ыдырауы демократиялық принциптер негізінде қызмет жасайтын сан алуан саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жол ашты.
- 1991 жылы қазанда жетекшілері О.Сүлейменов пен М. Шаханов болған Қазақстан Халық Конгресі партиясы құрылды. Сондай-ақ, бірқатар коммунистер бұрынғы Қазақстан Коммунистік партиясының қызметін қайтадан қалпына келтіруге әрекет жасады.
- Барлық саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың алдында тек демократиялық жолмен, Конституция талабына сай қызмет ету мақсаты қойылды. Олар парламенттік партияларға айналу, сайлаушылардың көп дауысына ие болу үшін күрес жүргізді.

- Бұқара халықтың мүддесін қорғауда олар көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерді мемлекеттік және шаруашылық органдарымен тең дәрежеде келісе отырып шеше алатын жағдайға қолдарын жеткізді.
- Сондай-ақ бұл жылдары әйелдер кеңесіне балама ұйымдар әдеттен тыс төменнен пайда болды. Солдат аналарының комитеті, Қазақстан мұсылман әйелдерінің лигасы, көп балалы аналар, жанұялар одағы, “Айша”, “Ақ отау” және Іскер әйелдер қауымдастығы құрылды.
- Осылайша елде 1991 жылы барлығы 120-дан астам дербес қоғамдық негізде бірлестіктер жұмыс істеді.
- Қоғамдық-саяси қозғалыстардың ішінен «Азат» (1990 ж. 1 шілде), «Поколение» (1992 ж. 24 қараша), «Лад» (1993 ж. мамыр), «Азамат» азаматтық қозғалысы (1996 ж. 20 сәуір) кең көлемді қызметімен ерекшеленді.

- Қазақстанда қоғамдық бірлестіктердің қалыптасуының келесі кезеңінде Қазақстанның либералдық қозғалысы (1997 ж. мамыр), «Қазақстанның болашағы үшін» (1998 ж. ақпан) жастар қозғалысы, «Қазақстан – 2030 үшін» (1998 ж. 6 қазан) қоғамдық қозғалысы, «Өрлеу» (1998), «Ақ жол» қоғамдық қозғалыстары (1998), Қазақстанның демократиялық таңдауы қоғамдық бірлестігі (2002), т.б. құрылды.
- 1989-1994 ж. аяғында Қазақстанда 500-ге жуық қоғамдық бірлестік ҚР Әділет министрлігінде тіркелді. 1998 ж. олардың саны 1500-ден асты, ал 2001 жылдың аяғына қарай елде 1700-ден астам ресми тіркеуден өткен қоғамдық бірлестік қызмет жасады.

Қазақстан Республикасында көппартиялық жүйе

- Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін елде көппартиялық жүйе қалыптасты.
- Қазақстанның социал-демократиялық партиясы (1990 ж. 26 мамыр),
- Қазақстанның социалистік партиясы (1991 ж. 7 қыркүйек),
- Қазақстан халық конгресі партиясы (1991 ж. 5 қазан),
- Қазақстанның республикалық («Азат») партиясы (1991 ж. 4 қыркүйек, 1999 ж. 29 мамырда «Алаш» ұлттық партиясы болып өзгерді),
- Қазақстан коммунистік партиясы (1991 ж. қазан),
- Қазақстан халық бірлігі партиясы (1993 ж. 6 ақпан),
- Қазақстан халықтық-кооперативтер партиясы (1994 ж. 15 желтоқсан),
- Қазақстан дәуірлеу партиясы (1995 ж. 27 қаңтар),
- Қазақстанның демократиялық партиясы (1995 ж. 1 шілде),
- Республикалық еңбек саяси партиясы (1995 ж. 18 қыркүйек), т.б. құрылды.
- Көппартиялықты құқықтық жағынан реттеу Қазақстан Республикасы Конституциясының 5 бабында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» (31.5.1996) және «Саяси партиялар туралы» (2.7.1996) Заңдарында қамтамасыз етілді.

Қазақстанның көппартиялық жүйе дамуының келесі кезеңінде:

- Қазақстанның азаматтық партиясы (1998 ж. 17 қараша),
- Қазақстан республикалық халықтық партиясы (1998 ж. 17 желтоқсан),
- Қазақстанның аграрлық партиясы (1999 ж. 6 қаңтар),
- Республикалық «Отан» партиясы (1999 ж. 19 қаңтар),
- «Азамат» демократиялық партиясы (1999 ж. 27 наурыз),
- Қазақстан әйелдерінің демократиялық партиясы (1999 ж. 21 маусым),
- Қазақстан патриоттарының партиясы (2000 ж. 1 шілде) құрылды.
- 2002 жылдың 2-ші жартысында Қазақстанның бірлескен демократиялық, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының құрылтай съездері болып өтті.
- 2002 ж. 15 шілдеде қабылданған «Саяси партиялар туралы» жаңа заңда саяси партиялардың құқықтық негіздері, олардың құқықтары мен міндеттері, қызметінің кепілдіктері белгіленді, саяси партиялардың мемлекеттік органдармен және басқа ұйымдармен қатынастары реттелді.
- Көппартиялық институтының пайда болуы елде азаматтық қоғам орнатудың маңызды белгілерінің бірі болып табылады.

- Бұл қоғамның саяси жүйесінің тиімділігін, елде демократияның орныққанын, саяси құқықтардың қамтамасыз етілгенін дәлелдейді. 2002 ж. елімізде 16 партия тіркелді.
- «Саяси партиялар туралы» Заңға 2002 ж. өзгертулер енгізілуіне байланысты, 2003 ж. Қазақстанның азаматтық партиясы, Қазақстанның аграрлық партиясы, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы, Қазақстан коммунистік партиясы, Республикалық «Отан» саяси партиясы, Қазақстан патриоттарының партиясы, Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы қайта тіркеуден өтті.
- Қазақстандағы саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер әлеуметтік әділдік, демократиялық құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам, ұлтаралық және азаматтық келісім орнатуға жәрдемдесіп, Қазақстанның тұрақты дамуына, өзекті қоғамдық мәселелердің шешілуіне үлесін қосып келеді.
- Саяси партиялардың көпшілігі Республика президентінің алған бағытын, оның жүргізіп отырған саясатын жақтайтындар болып саналады.

Қазақстандағы ұлт-аралық қарым-қатынас

- Ел басына түскен қайғы-қасіреттің салдарынан қазақ халқының сан жағынан азаюы, басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанға қоныс аударуының салдары Республикаға ат беріп отырған қазақ халқының өз республикасында азшылық болуына әкеп соқты.
- Қазақстан тәуелсіздік алған оншақты жылдың ішінде жүрілген миграциялық процестің нәтижесінде қазақтар республика халқының тең жартысынан астамын құрап отыр.
- Қазақстан Конституциясы қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялап оның мәртебесін көтеруге байланысты шаралар жүзеге асырылды.
- Осының нәтижесінде Қазақстанды мекендеген ұлттарды қазақ халқының төңірегіне топтастыру арқылы ел ішіндегі және ұлтаралық тұрақтылық, қоғамның тұтастығын қамтамасыз ету мүмкіндігі туып отыр.
- Республикадағы ұлтаралық тұрақтылықты қамтамасыз ететін фактордың бірі 2030 стратегиясындағы жарқын болашақ.

- Президент Н.Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқының ассамблейі, барлық облыстарда құрылған Қазақстанды мекендеген ұлтаралық мәдени орталықтары, аталған ұйымдардың ұлтаралық тұтастықты қамтамасыз ету үшін жүзеге асырып отырған шаралары Қазақстанда ұлт-аралық ынтымақтастықтың негізгі факторы болып отыр.
- Қазақстанда ұлттардың оқшаулануы, этникалық негіздегі қақтығыс сияқты көріністер жоқ.
- Осы айтылғандар елдің ішкі саяси тұрақтылығын нығайтып, бұл тұрақтылық өз кезегінде ел экономикасын шет ел инвестициясын көптеп тартуға мүмкіндік беріп отыр.
- Экономика саласына тартылып отырған шет ел инвестициясының мөлшері жөнінен Қазақстан тәуелсіз елдер достастығында алдыңғы орында отырғанының негізгі себептерінің бірі осы тұрақтылыққа тікелей байланысты.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының конституциясы

- 1995 жылы тамыздың 30-да халықтық референдумда Қазақстан Республикасының қазіргі конституциясы қабылданды. Конституция ҚР-ның сипатын демократиялық, зайырлы, құқықты, әлеуметтік мемлекет деп анықтады.
- Республикада адам, оның өмірі, оның құқығы мен бостандығы ең жоғарғы құндылық деп жарияланды. Қазақстан Республикасы Конституция бойынша унитарлық, президенттік басқарудағы мемлекет.
- Конституцияда Қазақстанның егемендігінің негізгі белгілеріне жер, оның қойынауындағы барлық байлықтардың мемлекеттің айрықша меншігі болатыны, Қазақстан территориясының бір тұтастығы, бөлінбеуі,
- Республика дербес сыртқы саясат жүргізетіндігі, мемлекеттік тіл қазақ тілі екендігі, Қазақстанда өзінің отан қорғау күші болатындығы, мемлекеттік рәміздер (елтаңба, әнұран, ту, герб) жатқызылды.
- Қазақстанның соңғы Конституциясы адам мен азаматтарға кең көлемді құқық беріп оны орындау кепілдігін үкімет өз мойынына алатыны айтылған. Конституцияда көтерілген негізгі мәселенің бірі мемлекетте үкімет билігін бөлісу мәселесі.

- Мемлекет басшысы, елдегі ең жоғарғы лауазымы Президент. ҚР Президенті елдің ішкі сыртқы саясатының негізгі бағыттарын белгілейді.
- Конституцияда заң қабылдау билігі мәжіліс және сенат деп аталатын қос палатадан құралатын парламентке берілген. Атқарушы билікті Қазақстан үкіметі жүзеге асырады.
- Сот билігін Конституциялық сот, барлық сатыдағы соттар жүзеге асырады.
- Конституцияда үкімет билігін жүзеге асыратын Парламент, Үкімет, сот жүйесінің құрылу тәртібі, міндеттері мен олардың құзырына жататын мәселелер қарастырылған.
- Қазақстан Республикасының Конституциясы қазақ халқының қол жеткізген негізгі жеңісі-егемендіктің нәтижелерін заңдастарды.
- Конституция Конституциялық құқық саласында қазақ халқының тарихында жинақталған мол тәжірибе, халықаралық аренадағы озық үлгіге сүйенген демократиялық сипаттағы Конституция.

Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы

- 1992 жылы күзде Республика президентінің бастамасымен дүниежүзі қазақтарының құрылтайы Алматы қаласында шақырылды.
- Қазақстан демографтарының есебі бойынша дүниежүзінде 12 млн. қазақ бар. Мұның 7,5 млн. Қазақстан Республикасында, қалған 4,5 млн. жақын және алыс шет елдерде басқа этникалық ортада өмір сүреді.
- Қазақ ұлтының диаспора деп аталатын бұл бөлігі ұзақ мерзімге созылған тарихи оқиғалардың нәтижесінде пайда болған. Диаспора отаршылдардың қуғын сүргінінен, отаршылдықтың салдарынан туындағын әр түрлі қиын қыстау оқиғаның салдарынан атамекеннен ауа көшуге мәжбүр болған қазақ халқы өкілдерінен құралған.
- Бұрынғы Кеңес одағының құлауы, Қазақстанның тәуелсіздік алуы қазақ диаспорасы өкілдерінің атамекенге оралу мүмкіндігін туғызды.
- Қазақстан Республикасы, оның ел басы атамекенге оралмақ ниеті бар қандастарды қабылдауға дайын екенін мәлімдеді.
- Аталмыш жағдайлар 1991 жылдан қазақ диаспорасының өкілдерінің Қазақстанға қоныс аудару процесі басталуына мүмкіндік берді.

- Осындай жағдайда қазақ диаспорасы мен Қазақстан республикасының арасындағы қарым қатынасты реттеу, атамекенге оралған қазақ диаспорасының көкейтесті мәселелері төңірегінде маслихат құру мақсатымен дүниежүзі қазақтарының құрылтайы шақырылып, аталмыш мәселелерді талқылады.
- Құрылтайдан дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Қауымдастық президентіне бірауаздан Назарбаев сайланды.
- Атамекенге оралған қандастардың әлеуметтік мәселелеріне байланысты 1992 жылы күзде Қазақстан Республикасының үкіметі көлемді қаулы қабылдады.
- Парламент көші-қон заңын бекітті. Үкіметтің жанынан көші-қон агенттігі құрылды.
- Бұл шаралар шетелде өмір сүріп отырған қандастармен байланыс жасау, атамекенге оралғандардың әлеуметтік мәселесін шешуге бағытталып отыр.

Қазақстанның 2030 стратегиясы

- Қандай бір мемлекетте болашақты болжаған, оған апаратын жолды айқындаған стратегиялық бағдарлама болатыны сияқты Қазақстан республикасы да сондай стратегиялық бағдарламаны жасап жүзеге асыруда.
- 1997 жылы күзде Республика президентінің Республика халқына арнаған "Қазақстан 2030 Қазақстандықтардың гүлденуі, қауапсіздігі, тұрмыс күйінің жаңаруы" атты жолдамасында ұзақ уақытқа арналған стратегиялық мақсатты жүзеге асыру үшін жеті приоритет (жетекші міндет) ұсынды.
- 1. Ұлттық қауіпсіздік. Қазақстанға сырттан басқа бір елдің шабуыл қаупты төніп тұрмағанымен экономика, экология, нашақорлыққа, жасырын әскери қарау жорыққа байланысты қылмыс қауыпының бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан ұлттық қауіпсіздік мәселесі бірінші дәрежеде көтеріліп отыр.

- 2. Ішкі саяси тұрақтылық, қоғамның тұтастығы. Бұл мәселенің маңыздылығы Қазақстанның этникалық құрамының ерекшелігіне байланысты. Республикаға ат беріп отырған қазақтар соңғы жылдары ғана халықтың көпшілігін құрайтын болды. Ендігі мақсат елдің ішкі саяси тұрақтылығын, қоғамның тұтастығын қамтамасыз ету үшін бүгінгі таңда қол жеткізіп отырған ұлтаралық тұрақтылықты барлық мүмкіндіктерімен нығайта түсу маңызды стратегиялық мақсат.
- 3. Стратегияда Қазақстанда ашық экономиканы шет ел инвестициясының жоғарғы деңгейімен, ішкі ресурсты жұмылдыру арқылы дамыту көзделіп отыр.
- 4. Азаматтардың денсаулығы, білімі, тұрмыс жағдайы. Бұл мақсатқа жету үшін аналар мен балаларға мемлекеттік қорғау, қоршаған ортаны жақсарту, білім саласын реформалау, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөлу көзделіп отыр.

- 5. Энергетикалық ресурстар. Қазақстан табиғи және энергетикалық ресурстарға бай ел. Соған қарамастан елдің ішкі қажеттілігін осы ресурстармен қамтамасыз етуде елеулі қиыншылық туып отыр. Бұл газ бен мұнай тасымалдау жүйесінің қалыптаспағанына байланысты. Бұл салаға шет ел инвестициясын тарту, мұнай, газ тасымалдайтын құбыр жүйесін орнату мақсаты көзделіп отыр.
- 6. Инфраструктура, көлік және байланыс. Қазақстан территориясы арқылы өтетін тауар мөлшерін көбейту, осы салада дүниежүзілік бәсекелестік қабілетті қамтамасыз ету үшін жол қатнасына ерекше көңіл бөлу қажет болып отыр.
- 7. Маманды үкімет. Маманды мемлекет қалыптастыру үшін үкіметтің стратегиялық бағдарлама негізінде жұмыс істеуі, ұйымдардың арасындағы жұмысты нақты үйлестіру, Министрлердің міндеті мен жауапкершілігін көтеру, жергілікті органдардың жауапкершілігін, мемлекет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлығына, қылмысқа қарсы күресу, маманды кадрлар дайындауға ерекше көңіл бөлінеді.

Қазақстандағы қазіргі замандағы экологиялық хал-ахуал

- Кеңес дәуірінде экологиялық хал-ахуалы өте ауыр республикалардың бірі Қазақстан болды. Мұның көп себептері бар. Негізгі себеп Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі Қазақстан территориясын ядролық қару санайтын, оны орналастыратын алаңға, әскери полигонға айналдырды.
- Қазақстанның егістік көлемі 36 млн. га болса, әскери полигондар алып жатқан жер көлемі 20 млн. гаға жетті. Қазақстанда ядролық қарау сынайтын Семей, Капустин яр және бірнеше ұсақ полигондар болды.
- Семей полигонында ядролық қару әуелі жер үстінде, соңынан жар астында 40 жыл бойы сыналды. Байқоңыр космодромының, онан ұшырылатын зымырандардың экологиялық хал ахуалға келтірген зардабы ауыр болды.
- Қазақстанның біраз жері құлаған зымырандардың қалдығына, ұлы газдарға толып кетті.
- Ядролық қару сынау, оны орналастыру бір жағынан халықтың ден саулығына, екінші жағынан қоршаған ортаға орны толмас зардап әкелді.

- Халықтың ден саулығына тигізген зардаптардан ауырулардың саны көбейді, балар кем-кетік болып туатын болды, әйелдер бала көтермеді, Қазақстан бір кез рак ауруының орташа мөлшері жөнінен дүние жүзінде бірінші орынға шықты.
- Ядролық қарудың зардабы, Кеңес үкіметі жүргізген мақта өсіруге байланысты сыңаржақ саясаттың салдарынан өзен, көлдердің суы азайып кетті 70-90 жылдардың арасында Аралдың суы 54%-ке азайды, оның суы жыл сайын 1 метр таязып кетті, 1 л судағы тұздың мөлшері 9 грамнан 24 грамға көтерілді.
- Ядролық қаруды сынауға қарсы белгілі ақын С.Олжас басқарған Невада-Семей қозғалысы өз нәтижесін берді. Семей пологинында ядролық қару сынау тоқтатылды, Қазақстандағы полигондар жабылды.
- Өзен, көлдердің, соның ішінде Аралдың суын қалпына келтіруге байланысты Республикада, халықаралық дәрежеде біраз шаралар жүзеге асырылғанымен күткен нәтиже бере алмай отыр.

Назар салып тыңдағандарыңыз үшін
рахмет